

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 135 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 мамыр N 135a

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі

агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 135

Р 0 2 0 1 3 5 _

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақтағы "14648 мың (он төрт миллион алты жүз қырық сегіз мың) теңге" деген сөздер "41720 мың (қырық бір миллион жеті жүз жиырма мың) теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар жоспары" деген 6-тармақтағы 031-бағдарлама мынадай мазмұндағы 031-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. ! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші ! (кіші бағдарламаны) ! мерзім. !орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. ! іске асыру жөніндегі ! дері !
!коды!лама!лардың) атауы! шаралар ! !
! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

031 Азаматтарды Әкімшілік мемлекеттік 2002 Қазақстан
әкімшілік қызметке бос орындар жылғы Республикасы.
мемлекеттік туралы ақпаратты желтоқсан ның Мемлекет.
қызметке бос БАҚ-та жариялау тік қызмет
орындар ту. істері

ралы хабардар
ету

жөніндегі
агенттігі

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.